## "Жеке күзет қызметі" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 25 қыркүйектегі № 716 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жеке күзет қызметі" кәсіптік стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Күзет қызметін бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Күзет қызметін бақылау департаментінің бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр полиция генерал-лейтенанты* *Е. Саденов*

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2025 жылғы 25 қыркүйектегі
№ 716 бұйрығына
№ 1-қосымша

## "Жеке күзет қызметі" кәсіптік стандарты

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу саласы:

"Жеке күзет қызметі" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді, ол жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымын атқаратын қызметкерлердің кәсіптік құзыреті саласында білім мен дағдылар бөлігінде талаптарды белгілейді, сондай-ақ күзет қызметі саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келеді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) күзет қызметтері – жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, заңды және жеке тұлғалардың мүлкін қорғау, оның ішінде оны тасымалдау кезінде қызметтер көрсету;

2) күзетшінің біліктілігі – күзетшінің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындығы, оның білімі, іскерлігі мен дағдыларының дәрежесі;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық сабақтар сыныптауышы – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сабақтардың атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыс түріне сәйкес дағдылардың деңгейі мен мамандануы бойынша жіктейтін стандарттау жөніндегі құжат;

4) мамандық – жеке тұлға жүзеге асыратын және оны орындау үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін кәсіп түрі;

5) кәсіптік стандарт – ресми және (немесе) бейресми және (немесе) ақпараттық білім беруді, біліктілік пен құзыреттілік деңгейін, кәсіптік қызметтің нақты саласындағы еңбек мазмұнын, сапасы мен жағдайларын ескере отырып, білімге, іскерлікке, дағдыларға, жұмыс тәжірибесіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

6) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және пайдаланылатын білімдердің, дағдылар мен құзыреттердің сипатына қарай саладағы деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды жіктейтін, Қазақстан Республикасының Ұлттық сабақтар сыныптауышы, ұлттық біліктілік шеңбері негізінде әзірленетін құжат;

7) білім – кәсіби тапсырма шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерттелген және игерілген ақпарат;

8) дағды – кәсіби тапсырманы толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды қолдану мүмкіндігі.

9) дағдылар – білімді қолдану және кәсіби тапсырма шеңберінде жеке іс-қимылдарды орындау үшін құзыреттілікті көрсету қабілеті.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

2) ЖКҰ – жеке күзет ұйымы;

3) КС – кәсіптік стандарт;

4) ЖДМТ – жедел ден қою мобильді тобы;

5) НҚА – нормативтік құқықтық актілер;

6) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

7) ТЖ – төтенше жағдай;

8) БА- біліктілік анықтамалығы;

9) ОКЭД – экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші

## 2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Жеке күзет қызметі.

5. Кәсіптік стандарт коды:

6. ЭҚЖЖ (экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші) сәйкес секцияны, бөлімді, топты, сыныпты және кіші сыныпты көрсету:

N – Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет

80. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеу жүргізу жөніндегі қызмет

80.10 Жеке тұлғалар мен мүліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет

80.10.1 Жеке күзет қызметтерінің жұмысы

80.10.2 Ұлттық компаниялар құрған күзет ұйымдарының қызметі

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: бұл кәсіптік стандарт жеке күзет ұйымдарының қызметінің процесін сипаттайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

1) жеке күзет ұйымының басшысы - СБШ 6 деңгейі;

2) жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды жүзеге асыратын күзетші - СБШ 5 деңгейі;

3) заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзететін күзетші - СБШ 4 деңгейі.

## 3-тарау. Мамандық карточкалары

| 9. "Жеке күзет ұйымының басшысы" мамандығының карточкасы: | | | |
|---|---|---|---|
| Топ коды: | 1210-0-074 | | |
| Сабақ атауының коды: | - | | |
| Мамандықтың атауы: | Жеке күзет ұйымының басшысы | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 6 | | |
| СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі: | - | | |
| БТБА, КС және т.б. үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (10-бап);<br>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығымен бекітілген күзет қызметін жүзеге асыру үшін оларға сәйкестікті растайтын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесі.<br>1-тарау. Жеке күзет ұйымының, оның ішінде филиал мен өкілдіктің басшысы лауазымы. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: -<br>Жеке күзет ұйымында басшы немесе күзетші лауазымын атқаратын қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталығының куәлігі | Мамандығы: -<br>Жеке күзет ұйымының басшысы | Біліктілік:- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Жоғары білім | Құқықтану | |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Жеке күзет ұйымының басшысы: жоғары заң білімі немесе Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда командалық лауазымдарда немесе құқық қорғау және арнайы органдарда басшы лауазымдарда кемінде үш жыл жұмыс өтілі | | |
| Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс: | Қажет емес | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | - | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Жеке күзет ұйымының, оның ішінде ұлттық компания құрған күзет ұйымының күзетілетін объектілерде жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін, сондай-ақ, күзетілетін объектілерде жеке және заңды тұлғалар мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша сапалы күзет қызметтерін ұсыну бөлігінде қызметін ұйымдастыру және басқару. | | |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Күзет ұйымының қызметін ұйымдастыру;<br>2. Күзетті қамтамасыз етуді ұйымдастыру;<br>3. Кезекші бөлімдердің және жедел ден қою мобильді топтарының жұмысын ұйымдастыру;<br>4. Күзетші лауазымына кандидаттарды іріктеу бойынша жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ объектіні күзетуді қамтамасыз ету үшін оларды оқыту және орналастыру;<br>5. Күзет ұйымы қызметкерлерінің жұмысын бақылауды ұйымдастыру. | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | - | |
| | 1-дағды:<br>Күзет ұйымының жұмысын жоспарлау | Машықтар: | |
| | | 1. ЖКҰ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру;<br>2. ЖКҰ қызметінің мақсаттары мен міндеттерін анықтау;<br>3. ЖКҰ ағымдағы жұмысын жоспарлау;<br>4. ЖКҰ дамыту стратегиясын әзірлеу;<br>5. ЖКҰ кадрларын іріктеу және орналастыру бойынша жұмысты ұйымдастыру;<br>6. Шарттар жасасу бойынша шешімдер қабылдау үшін ықтимал қорғау объектілері бойынша ақпаратты жинауды, өңдеуді және талдауды жүзеге асыру. | |
| | | Білім: | |
| | | 1. Күзет қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының НҚА;<br>2. Қорғау қызметінің құқықтық негіздері, міндеттері мен принциптері;<br>3. Күзет қызметі субъектілерінің құқықтары мен міндеттері. | |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы:<br>Күзет ұйымының қызметін ұйымдастыру | | 4. Ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Жеке күзет қызметтерінің жұмысын басқару | Машықтар: |
| | | 1. Объектілерді іздеу, зерделеу және күзетке қабылдау жөніндегі жұмысты жүзеге асыру;<br>2. Күзетке қабылдау кезінде ықтимал заңсыз көріністерден объектінің қауіпсіздігінің жай-күйін бағалау;<br>3. Объектіні күзетудің сенімділігін қамтамасыз ету үшін күзетудің техникалық құралдарын, бейнебақылауды, байланыс құралдарын одан әрі пайдалану мақсатында күзетке қабылданатын объектінің периметрі мен аумағын зерделеу;<br>4. Күзет қызметтеріне келісімшарттар әзірлеу және жасасу;<br>5. Күзетілетін объектіге құжаттама дайындауды жүзеге асыру. |
| | | Білім: |
| | | 1. ЖКҰ қызметі туралы жалпы ережелер;<br>2. Күзет қызметтері маркетингінің негіздері;<br>3. Кадрлармен жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктері;<br>4. ЖКҰ бухгалтерлік есеп ерекшеліктері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | Ұсынылмайды |
| | 3-дағды:<br>Қаржылық және шаруашылық қызметті ұйымдастыру | Машықтар: |
| | | 1. ЖКҰ (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) қаржылық қызметі бойынша жұмысты ұйымдастыру;<br>2. ЖКҰ-ның шаруашылық қызметі бойынша жұмысты ұйымдастыру (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). |
| | | Білім: |
| | | 1. Салық заңнамасының негіздері;<br>2. Еңбек заңнамасының негіздері;<br>3. Терроризмге қарсы дайындық негіздері. |
| | Шеберлікті тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | | Машықтар: |
| | | 1. Күзет бекеттерін периметрі бойынша немесе күзетілетін объектінің аумағында (объект иесінің келісімі бойынша) бөлу;<br>2. Күзет, дабыл беру, бейнебақылау, байланыс техникалық құралдары болған кезде оларды қолдану (объект иесінің келісімі бойынша); |

| | | |
|---|---|---|
| 2-еңбек функциясы:<br>Күзетті қамтамасыз етуді ұйымдастыру | 1-дағды:<br>Заңды және жеке тұлғалардың мүлкін қорғауды қамтамасыз ету . | 3. Объектінің иесі бекіткен күзетілетін объектілерде өткізу және объектішілік режим бойынша жұмысты ұйымдастыру;<br>4. Күзет бекеттерінің кезекші бөлім және жедел ден қоюдың мобильді топтары болған кезде олармен байланысын ұйымдастыру;<br>5. Объектіні күзетудің сенімділігін жүйелі бақылау;<br>6. Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру. |
| | | Білім: |
| | | 1. Объектілерді инженерлік-техникалық нығайту жөніндегі талаптар;<br>2. Күзетілетін адамды қорғау негіздері;<br>3. Мүлікке және күзетілетін жеке тұлғаға ықтимал қауіптердің тізбесі;<br>4. Мүлікті ұрлау кезінде қолданылатын тәсілдер мен әдістер. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Заңды және жеке тұлғалардың мүлкін оны тасымалдау кезінде күзетуді қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. | Машықтар: |
| | | 1. Объектінің иесі бекіткен күзетілетін объектілерде өткізу және объектішілік режимді жүзеге асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;<br>2. Кезекші бөлімі және жедел ден қою мобильді топтары бар күзет бекеттерін сенімді байланыспен қамтамасыз ету;<br>3. Объектіні күзетудің сенімділігін жүйелі бақылау;<br>4. Мүлікті тасымалдау кезінде оның сақталуын қамтамасыз ету;<br>5. Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру. |
| | | Білім: |
| | | 1. "Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" туралы Қазақстан Республикасының Заңы;<br>2. Жолаушыларды және көлік инфрақұрылымы объектілеріне баратын адамдарды, олардың жанындағы заттарды, оның ішінде қол жүгі мен багажды тексеріп қарауды жүргізу қағидалары мен талаптары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | Ұсынылмайды |
| 3-еңбек функциясы: | 1-дағды: | Машықтар: |
| | | 1. ЖКҰ кезекші бөлімінің жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыру;<br>2. Жедел ден қою мобильді топтарының жұмысын ұйымдастыру;<br>3. Күзет ұйымының құқық қорғау және арнайы органдармен, оның ішінде құқықтық тәртіпті сақтау |

| | | |
|---|---|---|
| Кезекші бөлімдер мең жедел ден қою мобильді топтарының жұмысын ұйымдастыру | Кезекші бөлімнің және ЖДМТ жұмысын басқару және үйлестіру | және қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру. |
| | | Білім: |
| | | 1. Қарудың жекелеген түрлерінің және оның патрондарының айналымын регламенттейтін Қазақстан Республикасының НҚА;<br>2. Қылмыстық және әкімшілік заңнаманың негіздері ;<br>3. Терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша НҚА. |
| | Шеберлікті тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| 4-еңбек функциясы:<br>Күзетші лауазымына кандидаттарды іріктеу бойынша жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ объектіні күзетуді қамтамасыз ету үшін оларды оқыту және орналастыру. | 1-дағды: Күзетшілерді іріктеуді қамтамасыз ету | Машықтар: |
| | | 1. ЖКҰ кадрларын іріктеу және орналастыру бойынша жұмысты ұйымдастыру;<br>2. ЖКҰ қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;<br>3. Жеке құраммен күзет қызметі саласындағы қолданыстағы заңнаманы зерделеу;<br>4. Кәсіби-қолданбалы тренингтер өткізу. |
| | | Білім: |
| | | 1. Еңбек заңнамасының негіздері;<br>2. Стационарлық бекеттер мен мобильді топтардың күзетшілерінің еңбек функцияларын орындау ерекшеліктері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды: Күзетшілерді оқыту және орналастыру | Машықтар: |
| | | 1. ЖКҰ кадрларын оқыту және орналастыру бойынша жұмысты ұйымдастырумен айналысу;<br>2. ЖКҰ қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;<br>3. ЖКҰ күзетшілерінің біліктілігін жүйелі түрде арттыру үшін, оның ішінде қызметтік және дене шынықтыру даярлығы жүйесінде жағдайлар жасау;<br>4. Төтенше жағдай туындаған кезде, оның ішінде террористік актілер қаупі төнген кезде жеке құрамды іс-қимылдарға дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырумен айналысу;<br>5. Жеке құраммен күзет қызметі саласындағы қолданыстағы заңнаманы зерделеу;<br>6. Кәсіби-қолданбалы тренингтер өткізу. |
| | | Білім: |
| | | 1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс;<br>2. "Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | Ұсынылмайды |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5-еңбек функциясы: Күзет ұйымы қызметкерлерінің жұмысын бақылауды ұйымдастыру. | 1-дағды:<br>Қаруды және арнайы құралдарды пайдалану, сақтау және қолдану бойынша күзетшілердің білімін тексеру бойынша жұмысты ұйымдастыру | Машықтар: |
| | | 1. Белгіленген талаптарға сәйкес қызметтік қару және оның патрондарын сақтауды жүзеге асыру;<br>2. Қарудың ақаулығын анықтау және оның техникалық жай-күйін анықтау бойынша жұмысты ұйымдастыру;<br>3. Мобильді топтар мен стационарлық бекеттердің күзетшілері оларды қайтарған кезде қызметтік атыс қаруының, оның патрондарының жай-күйі мен сәйкестігін тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;<br>4. Қызметтік пайдалану үшін қару беру кезінде күзетшілердің арнайы құралдарды, қызметтік атыс қаруын, оның патрондарын пайдалану құқығына арналған құжаттарын тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;<br>5. Күзетшілердің қаруды, арнайы құралдарды қолдану қағидаларын және олардың сақталуы мен заңсыз қолданылуы үшін жауапкершілікті білуін тексеруді жүзеге асыру. |
| | | Білім: |
| | | 1. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;<br>2. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың айналымы салаларында екінші санаттағы рұқсаттар беруге уәкілетті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 ақпандағы № 47 қаулысы ;<br>3. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | Ұсынылмайды |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Ұйымдастырушылық қабілеттер; аналитикалық қабілеттер; қарым-қатынас; стресске төзімділік; тәртіптілік; топта жұмыс істеу. | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | 1)"Білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мектеп объектілерін , білім беру және кәсіби ұйымдарды күзету" 3858-2023 ҚР СТ;<br>2)"Дабыл сигнализациясы жүйесі. Күзет сигнализациясы жүйесі. 1-бөлім" 3848 -2023 ҚР СТ;<br>3)"Қылмысқа қарсы қорғаныс жүйесінде қолдануға арналған орталықтандырылған бақылау пульті" 3762-2022 ҚР СТ. | |
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ деңгейі: | Кәсіптің атауы: |
| | 5 | Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды жүзеге асыратын күзетші |
| | 4 | Заңды және жеке тұлғалардың мүлкін күзету, оның ішінде оны тасымалдау кезінде қызмет көрсететін күзетші |

| 10. "Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды жүзеге асыратын күзетші" мамандығының карточкасы: | | | |
|---|---|---|---|
| Топ коды: | 5414-1 | | |
| Сабақ атауының коды: | 5414-1-001 | | |
| Мамандықтың атауы: | Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды жүзеге асыратын күзетші | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 5 | | |
| СБШ бойынша біліктіліктің кіші деңгейі: | - | | |
| БТБА, КС және т.б. үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (10-бап);<br>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығымен бекітілген күзет қызметін жүзеге асыру үшін оларға сәйкестікті растайтын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесі.<br>2-тарау. Күзетші лауазымы. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: -<br>Жеке күзет ұйымында басшы немесе күзетші лауазымын атқаратын қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталығының куәлігі | Мамандығы: - күзетші | Біліктілік:- |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Қажет емес | | |
| Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс: | Қажет емес | | |
| Мамандықтың басқа ықтимал атаулары: | - | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету | | |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | - | |
| | | Машықтар: | |
| | | 1. Күзетілетін адамды қорғаудың негізгі әдістері мен тәсілдерін меңгеру;<br>2. Күзетілетін адам болуы мүмкін орындардың қауіпсіздігі мәніне тексеруді жүзеге асыру;<br>3. Күзетілетін адамның көлік қауіпсіздігін тексеру;<br>4. Жарылғыш заттардың салынуы мүмкін жерлерді анықтау (минаға қарсы бақылау);<br>5. Күзетілетін объектіні байқау;<br>6. Техникалық құралдарды, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалану;<br>7. ТЖ кезінде эвакуациялық іс-шаралар жүргізу; | |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. | 1-дағды:<br>Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету | 8. Алғашқы өрт сөндіру құралдарын қолдану;<br>9. Жарақаттар, жаралар, дене жарақаттары кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету;<br>10. Құлау, құлату, домалату, қолмен соғу, аяқпен тебу, ауыру тәсілдерін қолдану, қарусыздандыру тәсілдерін қолдану және ұстаудан босату дағдыларына ие болу;<br>11. Қолмен соғудан, аяқпен тебуден қорғау дағдыларының болуы;<br>12. Қиын жағдайларда қоян-қолтық ұрыс жүргізу дағдыларының болуы;<br>13. Атыс қаруын және арнайы құралдарды иемдену дағдыларының болуы. |
| | | Білім: |
| | | 1. Күзет қызметін реттейтін НҚА;<br>2. Қару мен оның патрондарының айналымын реттейтін НҚА;<br>3. Төтенше жағдайлар, оның ішінде террористік актілердің қаупі төнген кезде ЖКҰ күзетшісінің құқықтары мен міндеттерін білу;<br>4. Дене күшін, арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолданудың құқықтық негіздері;<br>5. Алғашқы медициналық дайындық негіздері.<br>6. Ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі: | Ұсынылмайды |
| | 2-дағды:<br>Төтенше жағдайлар кезінде эвакуациялық іс-шараларды қамтамасыз ету | Машықтар: |
| | | 1. ТЖ кезінде эвакуациялық іс-шаралар жүргізу;<br>2. Техникалық құралдарды, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалану;<br>3. Алғашқы өрт сөндіру құралдарын қолдану;<br>4. Жарақаттар, жаралар, дене жарақаттары кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету;<br>5. Авариялар мен төтенше жағдайлар туындаған кезде әрекет ету дағдыларына ие болу. Құтқару қызметтері объектісіне шақыру және жіберу тәртібі. Қауіпсіздік шаралары;<br>6. Құқық қорғау және арнаулы органдармен, оның ішінде құқықтық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың, алдын алу және жою саласында, сондай-ақ, террористік актілер кезінде өзара іс-қимыл жасау. |
| | | Білім: |
| | | 1. Қызметтік қаруды қолдану негіздері;<br>2. Міндетті медициналық тексерулерді жүргізу қағидалары;<br>3. Терроризм актісін жасау қаупі төнген не жасалған кезде алғашқы ден қою алгоритмі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | Ұсынылмайды | |
| Жеке құзыретке қойылатын талаптар құзыреттеріне: | Аналитикалық ойлау;<br>Стресске төзімділік;<br>Тез шешім қабылдай білу. | | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | 1)"Дабыл сигнализациясы жүйесі. Күзет сигнализациясы жүйесі. 1-бөлім" 3848 -2023 ҚР СТ;<br>2)"Қылмысқа қарсы қорғаныс жүйесінде қолдануға арналған орталықтандырылған бақылау пульті" 3762-2022 ҚР СТ. | | |
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ деңгейі: | Мамандықтың атауы: | |
| | 6 | Жеке күзет ұйымының басшысы | |
| | 4 | заңды және жеке тұлғалардың мүлкін күзету, оның ішінде оны тасымалдау кезінде қызмет көрсететін күзетші | |
| 11. "Мүлікті, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету жөніндегі күзетші" мамандығының карточкасы: | | | |
| Топ коды: | 5414-9 | | |
| Сабақ атауының коды: | 5414-9-006 | | |
| Мамандықтың атауы: | Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды жүзеге асыратын күзетші | | |
| СБШ бойынша біліктіліктің төмен деңгейі: | 4 | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | - | | |
| БТБА, КС және т.б. үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (10-бап);<br>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығымен бекітілген күзет қызметін жүзеге асыру үшін оларға сәйкестікті растайтын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесі.<br>2-тарау. Күзетші лауазымы. | | |
| Кәсіптік білім деңгейі: | Білім деңгейі: - Жеке күзет ұйымында басшы немесе күзетші лауазымын атқаратын қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталығының куәлігі | Мамандығы: - күзетші | Біліктілік:- |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | Қажет емес | | |
| Бейресми және ақпараттық біліммен байланыс: | Қажет емес | | |
| Мамандықтың басқа ықтимал атаулары: | - | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Заңды және жеке тұлғалардың мүлкінің сақталуын, оның ішінде оны тасымалдау кезінде қамтамасыз ету | | |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | | |
| | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету |
| | Қосымша еңбек функциялары: | - |
| 1-еңбек функциясы: Заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, | 1-дағды: Заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзетуді қамтамасыз ету. | Машықтар: |
| | | 1. Күзетілетін объектілерде өткізу және объектішілік режимді жүзеге асыру;<br>2. Күзетілетін объектілердің стационарлық бекеттерінде қызмет атқару дағдыларының болуы;<br>3. Айналма бекеттерде қызмет атқару дағдыларының болуы;<br>4. Жедел ден қою мобильді топтарының құрамында қызмет атқару дағдыларының болуы;<br>5. Техникалық құралдарды, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалану;<br>6. Құқық қорғау және арнайы органдармен, оның ішінде құқықтық тәртіпті сақтау қоғамдық қауіпсіздікті, көлікте қамтамасыз ету саласында өзара іс-қимыл жасау;<br>7. Күзетілетін объектіде террористік актіні дайындау немесе жасау туралы хабарлама алған кезде әрекет ету дағдыларының болуы;<br>8. Алғашқы өрт сөндіру құралдарын қолдану;<br>9. Жарақаттар, жаралар, дене жарақаттары кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету;<br>10. Мүліктің қауіпсізігін және тасымалдауды қоса алғанда, барлық сатыларда оны ұрлаудың алдын алуды қамтамасыз ету;<br>11. Қоян-қолтық ұрыс, арнайы құралдарды және атыс қаруын қолдану дағдысының болуы. |
| | | Білім: |
| | | 1. Күзет қызметін регламенттейтін НҚА;<br>2. Қару мен оның патрондарының айналымын регламенттейтін НҚА;<br>3. ЖКҰ күзетшісінің құқықтары мен міндеттерін білу;<br>4. Дене күшін, арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолданудың құқықтық негіздері;<br>5. Алғашқы медициналық дайындық негіздері;<br>6. Ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібі;<br>7. Физикалық күш, арнайы құралдар және атыс қаруын қолдану қағидалары. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | Ұсынылмайды |
| | | Машықтар: |
| | | 1. Күдікті затты, сондай-ақ жарылғыш құрылғыға ұқсас затты анықтаған кезде әрекет ету дағдыларының болуы; |

| | | |
|---|---|---|
| оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету | 2-дағды:<br>Терроризм актісін жасау немесе жасау қаупі төнген не жасалған кезде объектіні күзетуді қамтамасыз ету | 2. Қарулы шабуыл кезінде әрекет ету дағдыларының болуы;<br>3. Кепілге алу, кепілге алу қаупі төнген кезде әрекет ету дағдыларының болуы;<br>4. Жанкешті-лаңкестерге шабуыл жасау кезінде, оның ішінде миналанған көлік құралдарын қолдану, сондай-ақ үйретілген жануарларды пайдалану кезінде әрекет ету дағдыларының болуы;<br>5. Күзет объектісін өртеу немесе физикалық зақымдау кезінде әрекет ету дағдыларының болуы;<br>6. Химиялық қауіпті және улы заттарды қолдану кезінде әрекет ету дағдыларының болуы;<br>7. Пилотсыз ұшу аппараттары, оның ішінде квадрокоптерлер арқылы террор құралдарын қолдану кезінде әрекет ету дағдыларының болуы;<br>8. Жаппай тәртіпсіздіктерді, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстарды ұйымдастыру үшін халықтың наразылық әлеуетін пайдалану кезінде кейіннен террористік шабуылдар жасау кезінде іс-әрекет жасау дағдыларына ие болу;<br>9. Террористік акті жасау үшін пошта жөнелтілімдерін пайдалану кезінде іс-қимыл дағдыларының болуы;<br>10. Терроризм актісін жасау қаупі бар телефон қоңырауы түскен кезде, сондай-ақ электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер, басқа да дереккөздер арқылы терроризм актісін жасау қаупі бар хабарлама келіп түскен кезде іс-қимыл дағдыларының болуы. |
| | | Білім: |
| | | 1. "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;<br>2. "Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі №234 қаулысы;<br>3. "Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысы;<br>4. Терроризм жасау қаупі немесе жасалған актісі кезінде күзет қызметі субъектілерінің алғашқы ден қою алгоритмі (Терроризмге қарсы орталық штабының ұсынымдары). |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | Ұсынылмайды |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Аналитикалық ойлау;<br>Стресске төзімділік;<br>Тез шешім қабылдай білу. | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі: | 1)"Білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мектеп объектілерін , білім беру және кәсіби ұйымдарды күзету" 3858-2023 ҚР СТ;<br>2)"Дабыл сигнализациясы жүйесі. Күзет сигнализациясы жүйесі. 1-бөлім" 3848 -2023 ҚР СТ;<br>3)"Қылмысқа қарсы қорғаныс жүйесінде қолдануға арналған орталықтандырылған бақылау пульті" 3762-2022 ҚР СТ. | |
| СБШ шеңберіндегі басқа мамандықтармен байланыс: | СБШ деңгейі: | Мамандықтың атауы: |
| | 6 | Жеке күзет ұйымының басшысы |
| | 5 | Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды жүзеге асыратын күзетші |

## 4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

12. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Орындаушы: Уақбаев Болат Айдарұлы, +7 (7172) 71 58 14, bo.uakbaev@mvd.gov.kz

13.Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

"Қазақстан Республикасының Күзет ұйымдары қауымдастығы" ЗТБ;

Астана қаласындағы "Дария" мамандандырылған оқу орталығы" ЖШС;

Астана қаласының "Динамо" дене шынықтыру-спорт қоғамы қоғамдық бірлестігінің филиалы;

"Кугуар-секьюрити" ЖШС;

"Байтума-2007" күзет агенттігі" ЖШС.

Жоба жетекшісі: Уақбаев Болат Айдарұлы

E-mail: bo.uakbaev@mvd.gov.kz

Телефон нөмірі: +7 (7172) 71 58 14

14. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес:

15. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган:

16. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы:

17. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 2-нұсқа, 2025 ж.

18. Болжалды қайта қарау күні: 2027 жылғы 31 желтоқсан.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК